| | |
|---|---|
| **Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАҚ МЕН ҚР БҒМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ «Ә.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ» РМҚК АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ** | **МЕМОРАНДУМ О ВЗАИМНОМ СОТРУДНИЧЕСТВЕ МЕЖДУ НАО ЕВРАЗИЙСКИМ НАЦИОНАЛЬНЫМ УНИВЕРСИТЕТОМ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА И РГКП «ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ ИМ. А.Х. МАРГУЛАН» КОМИТЕТА НАУКИ МОН РК** |
| Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті КАҚ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін **Ректоры Сыдықов Ерлан Батташұлы** бір тараптан және екінші тараптан ҚР БҒМ ҒК «Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты РМҚК» атынан **Директор Байтанаев Бауыржан Әбішұлы** ары қарай «Тараптар», ал жеке түрде «Тарап» деп аталатын, инновация, ғылым және технология салалары бойынша жоғары білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумды жасасты (ары қарай – «Меморандум») мына төмендегілер туралы келісімге келді: | НАО Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, в лице **Ректора Сыдыкова Ерлана Батташевича,** действующего на основании Устава, с одной стороны, и РГКП «Институт Археологии им. А.Х. Маргулана» КН МОН РК в лице **Директора Байтанаева Бауыржана Абишевича** с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности «Сторона», для того чтобы установить прямое и взаимовыгодное сотрудничество в области высшего образования, науки и культуры и повышения эффективности научно-методологической и научно-исследовательской работы в сфере инноваций, науки и технологий заключили настоящий Меморандум о взаимном сотрудничестве (далее – «Меморандум»), о нижеследующем: |
| **1 бап**<br>Екі мекеме арасында өзара түсіністікті қолдау және білім мен ғылыми-зерттеу аясында ынтымақтастықты дамыту осы Меморандумның мақсаты болып табылады. | **Статья 1**<br>Целью настоящего Меморандума является развитие сотрудничества в области образования и научных исследований и содействие взаимопониманию между двумя организациями. |
| **2 бап**<br>Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:<br>• білім алу, ұзақ мерзімді және | **Статья 2**<br>Для реализации цели настоящего Меморандума Стороны согласуются сотрудничать друг с другом по |

| | |
|---|---|
| қысқа мерзімді тағылымдамадан өту, оқу-өндірістік және ғылыми тәжірибеден өту үшін бакалаврлар, магистранттар, PhD докторанттар, оқытушылар және зерттеушілермен академиялық алмасу; кәсіби (оқу-өндірістік, өндірістік, зерттеу, дипломалды) тәжірибелер;<br>• өзара ортақ мүддені көздейтін салада жоғары білікті ғылыми педагогикалық кадрлар мен мамандарды даярлауда ынтымақтастық;<br>• тарап өкілдерін дәріс оқуға, ғылыми-әдістемелік жұмыс бойынша ақпарат пен тәжірибе, сонымен қатар мамандықтардың білім беру бағдарламаларын бірге дайындау үшін шақыру;<br>• Тараптардың профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғалымдардың «онлайн» режимінде дәрістер оқу;<br>• магистрлік және докторлық диссертацияны жазуда, PhD докторы ғылыми дәрежесінде ізденуге диссертация жазуда ғылыми кеңес беру және қос жетекшілік ету үшін профессорлық құрамды тарту түрінде біріккен ғылыми зерттеулер жүргізу;<br>• біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, тараптарға арналған күндер және білім беру облысында өзге де бастамашылықтарды жүргізу;<br>• біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша ғылыми-әдістемелік материалдарды, зерттеулерді | следующим направлениям:<br>• Академический обмен бакалаврами, магистрантами, PhD докторантами, преподавателями и исследователями для прохождения обучения, краткосрочных и долгосрочных стажировок, профессиональных, (учебно-производственных, исследовательских, преддипломных) практик;<br>• сотрудничество в подготовке высококвалифицированных научно-педагогических кадров и специалистов в областях, представляющих взаимный интерес;<br>• приглашение представителей Сторон для чтения лекций, обмена опытом и информацией по научно-методической работе, а также учебными программами специальностей;<br>• проведение лекций, мастер-классов (в режиме «онлайн» в том числе) профессорско-преподавательским и научными составом Сторон;<br>• проведение совместных научных исследований, с привлечением профессорского состава и научных сотрудников для со-руководства и научной консультаций в написании магистерских и докторских диссертаций;<br>• проведение совместных конференций, семинаров, симпозиумов, круглых столов, дней, посвященных Сторонам и других инициатив в области образования и науки;<br>• публикация исследований, |

жариялау;

- басылымдармен, ғылыми зерттеулермен, ғылыми, ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;
- егер ол Тараптардың Жарғылық міндеттеріне қайшы келмесе, тараптардың қызметкерлерін кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;
- тараптарда жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының шеңберінде гранттар алуға ортақ мәлімдемелер дайындау;
- тараптардың сайттарында сілтемелер орналастыру;
- тараптар ұйымдастыратын білім беру аясындағы халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер туралы Тараптарды хабарлау.

**3 бап**

2 баппен белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

**4 бап**

Осы Меморандум жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру тараптарын ықтималды ресурстары мен қаржылық қолдауына байланысты болады.

Тараптар қаржылық әріптестерді, сонымен қатар қорларды тарту мүмкіндігін қарастырады.

**5 бап**

Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгертулердің енгізілуі Тараптардың өзара келісіммен оның ажырамас бөлігі

научно-методических материалов по результатам выполнения совместных работ;

- обмен публикациями, научными исследованиями, научно-методической литературой, периодическими изданиями, информацией о проводимых мероприятиях;
- повышение квалификации и профессиональная переподготовка работников Сторон, если это не противоречит уставным задачам любой Стороны;
- подготовка совместных заявок на получение грантов в рамках образовательных прогамм, существующих у Сторон;
- размещение ссылок на сайты Сторон;
- информирование Сторон о предстоящих международных конференциях, выставках и ярмарках в сфере образования, организуемых Соронами.

**Статья 3**

Условия реализации мероприятий, определенных в Статье 2, будут определены отдельными соглашениями Сторон.

**Статья 4**

Условия финансирования для реализации проектов настоящего Меморандума определеяются отдельными соглашениями Сторон.

Осуществление любого вида сотрудничества, в рамках настоящего Меморандума зависит от возможности ресурсов и финансовой поддержки сторон соответственно.

Стороны считают возможным привлечение потенциальных финансовых партнеров, включая

| | |
|---|---|
| бола алатын және тиісті тәртіпте рәсімделген, Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қойған қосымша келісімі арқылы жүзеге асырылады.<br>**6 бап**<br>Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтаса отырып, Тараптар қатысушы мекемелердің ережелерін сақтайды.<br>Меморандум шеңберінде туындайтын даулар Тараптар арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.<br>**7 бап**<br>Осы Меморандум тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл мерзімінде іске асады. Егер оның тоқтатылуына 6 (алты) ай қалған мерзімінен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуын талап етпесе, осы Меморандум әрі қарай 5 (бес) жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылады. | фонды.<br>**Статья 5**<br>Настоящий Меморандум может быть изменен и дополнен по взаимному согласию Сторон путем подписания дополнительных соглашений, которые будут являться его неотъемлемой частью и должны быть надлежащим образом оформлены и подписаны уполномоченными лицами Сторон.<br>**Статья 6**<br>Сотрудничая в рамках настоящего Меморандума, Стороны будут придерживаться правил участвующих сторон.<br>Споры, возникающие в рамках Меморандума, будут разрешаться путем обсуждений и переговоров между Сторонами.<br>**Статья 7**<br>Настоящий Меморандум вступает в силу с момента подписания Сторонами и действует в течение 5 (пяти) лет. Настоящий Меморандум автоматически пролонгируется на последующие 5 (пять) лет, если ни одна из Сторон не выскажется за прекращение действия Меморандума не позднее, чем за 6 (шесть) месяцев до его окончания. |

| | |
|---|---|
| Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті КАҚ<br><br>010008, Қазақстан Республикасы,<br>Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев, 2<br>Тел: +7 7172 709500<br>Fax: +7 7172 709457<br>E-mail: enu@enu.kz<br>website: www.enu.kz<br><br>**Ректор**<br>**Сыдықов Ерлан Батташұлы**<br><br>_______________________<br><br>күні: «___» _______________ 2020 ж. | НАО Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева<br><br>010008, Республика Казахстан,<br>г. Нур-Султан., Сатпаева, 2<br>Тел: +7 7172 709500<br>Fax: +7 7172 709457<br>E-mail: enu@enu.kz<br>website: www.enu.kz<br><br>**Ректор**<br>**Сыдыков Ерлан Батташевич**<br><br>_______________________<br><br>дата: «___» _______________ 2020 г. |
| ҚР БҒМ ҒК «Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты РМҚК»<br><br>050010, Қазақстан Республикасы,<br>Алматы қ., Шевченко 28, Достық даңғ. 44<br>Тел: + 7 727 2720699<br>Fax: + 7 727 2720699<br>E-mail: institut_archaeology@mail.ru<br>website: www.archaeolog.kz<br><br>**Директор**<br>**Байтанаев Бауыржан Әбішұлы**<br><br>_______________________<br><br>күні: «___» _______________ 2020 ж | РГКП «Институт Археологии им. А.Х. Маргулана» КН МОН РК<br><br>050010, Республика Казахстан,<br>г. Алматы, Шевченко 28, пр.Достык 44<br>Тел: + 7 727 2720699<br>Fax: + 7 727 2720699<br>E-mail: institut_archaeology@mail.ru<br>website: www.archaeolog.kz<br><br>**Директор**<br>**Байтанаев Бауыржан Абишевич**<br><br>_______________________<br><br>дата: «___» _______________ 2020 г. |